

Жер учаскесіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Новоишим ауылдық округі әкімінің 2025 жылғы 26 қарашадағы № 202 шешімі

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабының 1-1) тармақшасына, 69-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 35-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан Новоишим ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар, көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне тиесілі, жалпы ауданы 1,5239 гектар жер учаскесіне, орналасқан мекенжайы: Солтүстік Қазақстан облысы, Ғабит Мүсірепов атындағы аудан, Новоишим ауылдық округі, Новоишим ауылы, Ворошилов көшесі бойындағы 50 пәтерлі тұрғын үйдің инженерлік желілерін салу және күтіп-ұстау, сондай-ақ аумағын абаттандыру көрсету үшін 49 жыл мерзімге қоғамдық сервитут белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Новоишим ауылдық округінің әкімі

А. Букпин